

Джангабулова А.К.,  
Ережепқызы Р.

**Қазақстан Республикасында  
энергия үнемдеу және  
энергия тиімділігін құқықтық  
қамтамасыз ету мәселелері**

Dzhangabulova A.K.,  
Erezhepkyzy R.

**Problems of legal maintenance  
of energy saving and energy  
efficiency in the Republic of  
Kazakhstan**

Джангабулова А.К.,  
Ережепқызы Р.

**Проблемы правового  
обеспечения  
энергосбережения и  
повышения энергетической  
эффективности  
в Республике Казахстан**

Мақалада Қазақстан Республикасында энергия тиімділігін көтеру және энергия үнемдеу қамтамасыз ету бағыттары мен жағдайы қарастырылады. Халықаралық тәжірибені талдау энергетикалық кешеннің стратегиялық дамуының іргелі бөлігі ретінде энергия үнемдеу мәселесі энергетикалық және ресурстық дағдарыстан шығу әдетте энергия және ресурс үнемдеуді жоғары деңгейге көшумен жүретін дамыған елдер үшін де өзектілігін сақтайтынын көрсетеді.

Отын-энергетика ресурстарын тұтынуды бағалау экономика салаларында энергетикалық үнемдеу әлеуетінің көп жинақталғандығын, оны белсенді энергия үнемдеу саясатын жүзеге асыру есебінен энергия ресурстарын тұтынуды азайта алатындығын көрсетеді. Энергия үнемдеудің басты мақсаты – экологиялық қауіпсіздік.

**Түйін сөздер:** энергия үнемдейтін механизмдері, энергия тиімділігі, энергетикалық қауіпсіздік.

The article discusses the status and direction of ensuring energy conservation and energy efficiency in the Republic of Kazakhstan. Analysis of international experience shows that the problem of energy saving as a fundamental part of the strategic development of the energy sector continue to be relevant even for the developed countries, where output from the next energy crisis or the resource is usually accompanied by a transition to a higher level of energy and resource saving.

Assessment of the consumption of fuel and energy resources testifies to the great lessons in the industries of energy saving potential, the value of which can reduce the demand for energy due to the active implementation of energy saving policy. The main theme of energy saving – ecological safety.

**Key words:** energy-saving mechanisms, energy efficiency, energy security.

В статье рассматриваются состояние и направления обеспечения энергосбережения и повышения энергетической эффективности в Республике Казахстан. Анализ мирового опыта показывает, что проблемы энергоресурсосбережения как основополагающей части стратегического развития энергетического комплекса сохраняют свою актуальность даже для экономически развитых стран, выход которых из очередного энергетического или ресурсного кризиса, как правило, сопровождается переходом на более высокий энерго- и ресурсосберегающий уровень.

Оценка состояния потребления топливно-энергетических ресурсов свидетельствует об огромном накопленном в отраслях экономики потенциале энергосбережения, на величину которого можно уменьшить потребность в энергоресурсах за счет осуществления активной энергосберегающей политики. Основной мотив энергосбережения – экологическая безопасность.

**Ключевые слова:** механизмы энергосбережения, энергетическая эффективность, энергетическая безопасность.

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНДА  
ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ  
ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ  
ТИІМДІЛІГІН  
ҚҰҚЫҚТЫҚ  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ  
МӘСЕЛЕСЕРІ**

Әлемдік экономика энергетикалық ресурстарға тәуелділігін көрсетеді. Энергияның барлық түрлері біздің айналамызда: үйде, өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, тауарларды тасы- малдауды қамтамасыз ету үшін қажет.

Қоғамның энергияға тәуелділігі өте жоғары және ол уақыт өте нарықтық қатынастардың дамуына байланысты бірге артып отыр. Бұл тәуелділік қажетті мөлшерде және сапада оның түпкі тұтынушылардың күнделікті энергиямен қамтамасыз ету үшін жағдай жасау қажет етеді. Тең дәрежеде қоғамның мүдделерін, мемлекет және қоршаған ортаны ескеретін мұндай жүйені құру, соңғы жылдары ұлттық және халықаралық саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. G8 сияқты беделді халықаралық ұйымдардың күн тәртібіне соңғы жылдары энергетикалық қауіпсіздік мәселесін талқылау кіреді.

Соңғы онжылдықта энергетикалық қауіпсіздік мәселесі экологиялық және құқықтық мәселелердің кешенімен тығыз байланысты болды. Отын-энергетикалық кешені (ОЭК) – қоршаған ортаны негізгі ластаушы болып табылады.

Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің экологиялық мәселелердің тобына қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар мәселелері кіреді. Пайдаланылған энергетикалық ресурстардың басым көпшілігі сарқылатындарға жатады. Мемлекеттердің энергетикалық және экологиялық саясатты үйлестіруі әлемдік қауымдастық және халықаралық заң алдында тұрған ең күрделі мәселелердің бірі болып табылады [1].

2003 жылдың өзінде БҰҰ-ның Бас хатшысының «Энергетика және көлік» баяндамасында энергияның қазіргі жағдайы және дамуы ең «орнықты дамудың шешілмейтін дилеммаларының» бірі болып табылады деп аталып өтілді [2].

Мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін негіз болып оның отын ресурстарын тиімді пайдалану табылады.

Бәсекеге қабілетті отандық нарығын құру және нығайту отын-энергетикалық ресурстардың тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жүйесін жүзеге асыру қажеттілігін туындатып отыр.

Халықаралық тәжірибені талдау энергетикалық кешеннің стратегиялық дамуының іргелі бөлігі ретінде энергия үнем-

деу мәселесі энергетикалық және ресурстық дағдарыстан шығу әдетте энергия және ресурс үнемдеуді жоғары деңгейге көшумен жүретін дамыған елдер үшін де өзектілігін сақтайтынын көрсетеді.

Энергия және ресурс үнемдеу мақсаты аталған мәселені шешуге кешенді көзқарасты қамтамасыз етеді. ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығын айтарлықтай төмендеуі тек оңтайлы энергетикалық ресурстар мен электр станцияларына оларды жеткізу өндірісінің барлық кезеңдерінде техникалық және технологиялық, инновациялық және басқарушылық ноу-хау қолдану комбинациясы, энергия өндіру және тасымалдау, сондай-ақ соңғы пайдаланушы оны пайдалануы арқылы қол жеткізуге болады.

Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасындағы энергетикалық мәселелерді энергиямен жабдықтау және энергия тиімділігін арттыру мәселелеріне бөлуге болады.

Электрмен жабдықтау, өз кезегінде, негізінен қолда бар энергетика ресурстарына байланысты. Энергияға өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру қазіргі кезде мына жолдармен жүзеге асырылуда: жаңартылмайтын энергия ресурстарын айналымға енгізу және оларды бей берекет пайдалану, ол өз кезегінде олардың қорының таусылуына алып келеді. Энергиямен қамтамасыз ету қоршаған ортада бар қорларды бөлумен байланысты, бұл олардың әрқайсысының таусылуының әртүрлі мерзіміне байланысты. Мысалы, Таяу Шығыстағы жаһандық мұнай қорларында еселігі 60 %-дан астам оларды пайдалану 80 жылдан асады, ал Еуропада – 2% және 8 жыл. Бұл жағдай энергия үнемдейтін технологияларды дамытуға серпіліс берді: кең ауқымды барлау жүргізу, әлемнің түрлі өңірлерінде жаңа мұнай-газ және көмір көздерін ашу. Отынмен байланысы жоқ энергетикалық ресурстарды игеру қолға алына бастады (атом электр энергиясы, су энергиясы, жел, күн энергиясы және т.б.), ол өз кезегінде органикалық отынның жетіспеуі мәселесін шешіп экожүйені сақтауға көмектеседі.

Қазақстанның отын-энергетика кешені энергия өндіруші және энергияның ірі тұтынушысы болып табылады. Оның ерекшеліктері қуаттың жоғары деңгейдегі жиналуы, орталықтандырылған басқару, бірыңғай энергетикалық жүйе, қуатты инфрақұрылым, энергия тұтынудың өнеркәсіптік-бағдарланған құрылымы, өз табиғи энергетикалық ресурстарының орасан зор қорлары.

Бастапқы энергия ресурстарының тұтынылатын барлық дерлік 50% электр және жы-

лу энергиясын өндіру үшін қажетті болып табылады. Энергетика саласындағы мемлекеттің орталық міндеті болып жылу жоғалтуды азайту, аварияларды азайту мен ескі желілерді жою, электрмен жабдықтау жүйелерінің сенімділік көрсеткіштерін нормативті көрсеткіштерге дейін келтіру табылады.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыруды заңнамалық қолдау аясында 2012 жылы «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар және заңға сәйкес актілер қабылданды. Сонымен қатар, ҚР Үкіметтің қаулысымен бекітілген 2011 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан Республикасының энергия тиімділігін арттырудың 2012-2015 жылдарға арналған кешенді жоспары» және 2011 жылғы 30 сәуірдегі ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы», кейін ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 30 шілдедегі № 449 қаулысымен бекітілген «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы» заңды күшіне енгеннен кейін өз заңды күшін жоғалтты. 2013 жылғы тамызда Қазақстан Республикасы Үкіметі «Энергия үнемдеу – 2020» бағдарламасын бекітті. Аталған бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 434 қаулысына сәйкес күшін жойды.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 541-IV Заңына сәйкес, энергия үнемдеу – пайдаланылатын энергетикалық ресурстардың көлемін азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, технологиялық, экономикалық және өзге де шараларды іске асыру болып табылады [3]. Аталған заң энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттарын бекітті. Олар:

1) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында техникалық реттеуді жүзеге асыру;

2) энергетикалық ресурстарды өндіру және тұтыну саласындағы теңгерімді тарифтік саясат пен баға белгілеуді жүзеге асыру;

3) энергия үнемдейтін жабдықтар мен материалдарды пайдалануды қоса алғанда, энергия үнемдеуді және энергия тиімділігін арттыруды ынталандыру;

4) энергетикалық ресурстардың тиімді пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

5) энергетикалық ресурстарды тиімді пайдаланудың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік артықшылықтарын насихаттау, осы салада қоғамдық білім беру деңгейін арттыру;

6) Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

Сонымен қатар, осы заңға сәйкес, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік қолдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады [3]:

1) энергия үнемдеу жабдығын пайдалануды ынталандыру;

2) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы білім беру қызметін және іс-шараларды ақпараттық қолдауды жүзеге асыруға жәрдемдесу;

3) энергия тиімділігін арттырудың кешенді жоспарын іске асыру;

4) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, оның ішінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы әдістемелік және нормативтік құқықтық базаны әзірлеуді және дамытуды қаржыландыру;

5) тұрғындарда пайдалануда болған, құрамында сынап бар энергия үнемдеу шамдарын кәдеге жарату;

6) оқу орталықтарын құру;

7) Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары туралы заңнамасына сәйкес тұрғын үйлердің (тұрғын үй ғимараттарының), тұрғын үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелеріне энергия үнемдеуді қамтамасыз етуге және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларға ақы төлеуге көмектесу;

8) энергия-сервистік шарттар шеңберінде жобаларды іске асыруға жәрдемдесу;

9) энергия тиімділігі картасы шеңберінде жобаларды іске асыруға жәрдемдесу.

Энергия үнемдеудің басты мақсаты – экологиялық қауіпсіздік. Энергетикалық ресурстарды өндіру және қайта өңдеу процесі қарқынды лаптаумен қатар жүреді.

Энергетика және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуге негізінен жоғары технологиялық және экологиялық таза технологияларды пайдалану арқылы отынның баламалы түрлерін және электр энергиясын, жылу энергиясына ауысатын дәстүрлі емес

жаңартылатын энергия түрлерін пайдалану үлесін қоса алады.

2009 жылғы 4 шілдедегі Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы Қазақстан Республикасының №165-IV Заңы бойынша, жаңартылатын энергия көздері – табиғи жаратылыс процестері есебінен үздіксіз жаңартылатын энергия көздері, олар мынадай түрлерді қамтиды: күн сәулесінің энергиясы, жел энергиясы, гидродинамикалық су энергиясы; геотермальдық энергия: топырақтың, жерасты суларының, өзендердің, су айдындарының жылжуы, сондай-ақ бастапқы энергия ресурстарының антропогендік көздері: биомасса, биогаз және электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын органикалық қалдықтардан алынатын өзге де отын болып табылады [4]. Аталған заңға сәйкес, Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы мемлекеттік реттеу мынадай негізгі:

1) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін салу және пайдалану үшін қолайлы жағдайлар жасау;

2) жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруді ынталандыру;

3) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін жобалауды, салуды және пайдалануды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес инвестициялық преференциялар беру;

4) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін бірыңғай электр энергетикасына, жылу жүйесіне, электр және жылу энергиясының нарығына тиімді ықпалдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;

5) Қазақстан Республикасының парник газдары шығарындыларын азайту жөніндегі халықаралық міндеттемелерін орындауға жәрдемдесу бағыттары бойынша жүзеге асырылады.

Отын-энергетика ресурстарын тұтынуды бағалау энергетикалық үнемдеу әлеуетінің көп мөлшерде жинақталғанын көрсетеді, яғни белсенді энергия үнемдеу саясатын жүзеге асыру есебінен энергия ресурстарын тұтыну мөлшерін азайта алады. Бірегей энергетикалық үнемдеу әлеуеті жылдық тұтынудың 40-50% бағаланып отыр және қазіргі заманғы энергия үнемдейтін әлемдік деңгейдегі технологияларды енгізуді есепке ала отырып мерзімді түзетуге жатады. Энергия үнемдеу әлеуеті әртүрлі белгілер, соның ішінде салалық қолдану мен энергия ре-

сурстарының түрлеріне байланысты жіктеле алады. Энергия үнемдеу әлеуеті мемлекеттік саясаттың әсерінен өзгеріп отыратын технологиялық, ұйымдастыру және құрылымдық компоненттерін қамтиды. Белсенді энергия үнемдейтін саясатты жүзеге асыру өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен шығындарын азайту, сонымен қатар шығаратын парниктік газдар көлемін қысқартуға оң әсер етеді.

Отын-энергетика кешенінің ағымдағы жай-күйі ескірген жабдықтардың үлкен үлесімен сипатталады. Елдің энергетикалық әлеуетінің тозуы жүріп жатыр.

Тозған жабдықтарды пайдалану қалыпты қуат көзінің істен артуына, отын тұтынудың және қоршаған ортаға шығарындылар көлемінің ұлғаюына, сондай-ақ энергетикалық жүйелердің қауіпсіздігінің төмендеуіне байланысты жабдықтарды жоспарлы және төтенше жөндеу жиілігі мен ұзақтығына әкеледі. Отын-энергетикалық кешендегі инвестиция көлемі, олардың қажетті деңгейінен төмен.

Энергетиканың инвестициялық саласындағы ағымдағы қолайсыз ахуал осы салаларда тиісті қаржы ресурстарын мақсатты пайдалану және қалыптастыруды мемлекеттік қолдау шараларын қабылдауды талап етеді.

Өңірлік аумақтарда энергия жүйелерінің қауіпсіз әрекет ету қабілеттілігі мен олардың әрекет етуі энергетикалық өзін-өзі қамтамасыз етуіне – өз энергия ресурстары есебінен отын мен энергияға өз қажеттіліктерін қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне байланысты болады.

Энергия үнемдеудің өңірлік саясаты энергия тиімділігін арттыру мемлекеттік стратегиясын іске асыру болып табылады. Өңірлердің энергия үнемдеуінің экономикалық тетігінің мақсаты өңірлік энергетика кешенінде болып жатқан экономикалық үрдістерге тиімді әсер етуді ұйымдастыру, соның ішінде тұтыну сатысында энергетикалық ресурстарды тиім-

ді пайдалану және үнемдеуді арттыру болып табылады.

Қазақстан экономикасы энергия тиімділігін арттырудың қоры бар, бірақ осы саладағы мемлекеттік қызметін ұйымдастыру деңгейі қазіргі заманғы талаптарға толығымен сай емес. Өңірлік электр кешендерде бірнеше мәселелер кездеседі, олар заңнамалық базаның жеткіліксіздігі, инженерлік жүйелердің тозуы, көрсетілетін қызметтердің жоғары құны мен сапасының төмендігіне байланысты. Қазіргі жағдайда энергетикалық саланың тиімді қызмет етуі үшін отын мен энергияны пайдалану тиімділігін арттыру, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, энергия тиімділігін басқару жүйесін жетілдіру мен дамыту, энергия үнемдеудің тиімді экономикалық механизмін қалыптастыру қажет. Осы мақсаттарда бірқатар іс-шаралар кешенін жүзеге асыру қажет, оларға:

- энергия үнемдеу талаптарын қатаңдату бағытында отын мен энергияның жұмсалуды айқындайтын қолданыстағы стандарттар, ережелер мен нормаларды қайта қарау;

- энергия тұтынуды есепке алу және бақылау ережелерін жетілдіру;

- энергия тұтынатын құрылғыларды міндетті сертификаттау;

- кәсіпорындарға тұрақты түрде энергетикалық аудитті, сондай-ақ жобаларға міндетті энергетикалық сараптаманы өткізу;

- тиімділігі жоғары энергия үнемдейтін жобаларға мемлекеттік кепілдіктер мен тікелей қаржылық қолдау көрсету;

- өңірлік энергия үнемдеу қорларының қызметін жандандыруды жатқызудың болады.

Мемлекет қаншалықты энергия ресурстарына бай болғанымен оларды тиімсіз пайдалану өнімнің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді, баға белгілеудегі тұрақсыздық, әлеуметтік мәселелерге және энергия ресурстарының сарқылуына алып келеді.

### Әдебиеттер

1 Солнцев А.М., Симонян А.С. Международное сотрудничество в сфере использования возобновляемых источников энергии // Энергетическое право. – № 1. – 2011. – С. 44.

2 Доклад Генерального секретаря ООН «Энергетика и транспорт». Организационная сессия 30 апреля – 2 мая 2001. E/CN17/2001/PC/20.

3 Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 541-IV Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012. – № 3 (2604). – 20-құжат.

4 Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 шілдедегі N 165-IV Заңы // «Казахстанская правда» от 16.07.2009. – №171 (25915).

### References

- 1 Solncev A.M., Simonjan A.S. Mezhdunarodnoe sotrudnichestvo v sfere ispol'zovaniya vozobnovljaemyh istochnikov jenerгии // Jenergeticheskoe pravo. – № 1. – 2011. – S. 44.
- 2 Doklad General'nogo sekretarja OON «Jenergetika i transport». Organizacionnaja sessija 30 aprelja – 2 maja 2001. E/CN17/2001/PC/20.
- 3 Jenergija үнемдеу және jenergija tiimdiligin arttyru turalyҚазақстан Respublikasynyң 2012 zhylғы 13 қantardaғы № 541-IV Заңы // Қазақстан Respublikasy Parlamentiniң Zharshysy, 2012. – № 3 (2604). – 20-құzhat.
- 4 Zhaңartylatyn jenergija көzderin pajdalanudy қoldau turalyҚазақстан Respublikasynyң 2009 zhylғы 4 shildedegi N 165-IV Заңы //»Kazahstanskaja pravda» ot 16.07.2009. – N 171 (25915).